

"Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 сәуірдегі N 315 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

"Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы

Осы Заң халықаралық іскерлік операцияларда мемлекеттік кіріс ысырабын болдырмау үшін трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау шараларын белгілейді.

1-бап. Қазақстан Республикасының трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау жөніндегі заңдары

1. Қазақстан Республикасының трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау жөніндегі заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) ақпарат көздерінен алынған баға - ресми түрде танылған ақпарат көздерінен алынған баға, биржалық баға белгіленімі туралы, уәкілетті органдардан, сондай-ақ басқа да ақпарат көздерінен алынған деректер;

2) бірдей тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) - өздеріне тән басты белгілері: физикалық сипаттамалары, сапасы мен рыноктағы өтімі, шығарылған елі және өндірушісі бірдей тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер);

3) біртекті тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) - бірдей болмаса да, бір-біріне ұқсас сипаттағы және ұқсас компоненттерден тұратын, мұның өзі оларға бірдей міндеттер атқаруға және бірін-бірі алмастыруға мүмкіндік беретін тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер);

4) қайта қаралатын экономикалық шарттар - осы Заңға сәйкес бұндай шарттар

арасындағы айырмашылық бағаға әсерін тигізбейтін немесе мәмілелердің шарттарын қайта қаралатын шарттарға келтіру мақсатында түзету мүмкін болатын бірдей тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) рыногындағы (олар жоқ болғанда - біртекті) мәмілелердің шарттары;

5) мәмілеге қатысушы - осы Заңға сәйкес трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылауға жататын, мәмілелер жасаған жеке және заңды тұлға;

6) мәміле жасасу бағасы - мәмілеге қатысушылар қолданатын баға;

7) салық салуда жеңілдігі режимі бар мемлекет - Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі режимі бар мемлекет;

8) салық бойынша жеңілдіктер - инвестициялар бойынша келісім-шартқа сәйкес берілген салық преференцияларының болуы немесе қызметін арнайы экономикалық аймақ аумағында жүзеге асыратын салық төлеушілердің жекелеген санаттары бойынша салық міндеттемелерінен босату (азайту);

9) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) нарықтық бағасы салыстырмалы экономикалық (коммерциялық) жағдайларда бірдей (олар болмаған кезде - біртекті) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) рыногындағы сұраныс пен ұсыныстың өзара ықпалдастығы кезінде қалыптасқан, тәуелсіз тараптар арасында тағайындалатын және (немесе) осы Заң белгілеген тәртіппен айқындалатын баға;

10) трансферттік баға - осы Заңға сәйкес бақылауға жататын, мәмілелер жасалған кезде объективті түрде қалыптасатын нарықтық бағадан өзгеше баға;

11) уәкілетті органдар - Қазақстан Республикасының салық қызметі органдары мен кеден органдары;

12) халықаралық іскерлік операция - мынадай мәмілелерді білдіреді: тауарларды сатып алу-сату жөніндегі экспорттық және (немесе) импорттық; тараптардың бірі тұрақты мекеме құрмастан қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент емесі болып табылатын жұмыстарды орындау, қызмет көрсетулерді көрсету жөніндегі мәмілелер;

Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жасалған Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің тауарларды, жұмыстарды орындау, қызмет көрсетулерді көрсетуді сатып алу-сату жөніндегі мәмілелер.

3-бап. Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру

1. Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау (бұдан әрі - бақылау) мынадай мәмілелер бойынша жүзеге асырылады:

1) халықаралық іскерлік операциялар;

2) Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын мәмілелер, олар халықаралық іскерлік операцияларымен өзара байланыста болған жағдайда:

тараптардың бірі болып табылатын жер қойнауын пайдаланушымен өндірілген пайдалы қазбалар бойынша;

тараптардың бірі салықтар бойынша жеңілдіктері бар; тараптардың бірі мәмілелер жасасатын жылдың алдындағы соңғы екі салық кезеңі ішінде салық декларацияларының деректері бойынша залал шеккен.

2. Бақылау:

- 1) мәмілелер мониторингі;
- 2) уәкілетті органдардың тексеру жүргізуі;
- 3) Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген өзге де рәсімдерді жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

3. Осы Заңға сәйкес жүзеге асырылатын бақылауды жүргізген кездегі уәкілетті органдардың өзара іс-қимыл жасасу тәртібін уәкілетті органдар айқындайды.

4-бап. Уәкілетті органдардың құқықтары мен міндеттері

1. Бақылауды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органдар:

1) мәмілеге қатысушылардан және осы мәмілеге жанама қатысушы үшінші тұлғалардан тауардың нарықтық бағасын анықтау және мониторинг жүргізу үшін қажетті ақпарат сұратуға;

2) өз құзыреті шегінде трансферттік бағалар қолдану кезіндегі бақылау мәселесі жөнінде түсіндіру жүргізу және түсініктеме беруді жүзеге асыруға;

3) мәмілелер мониторингін жүргізуге;

4) трансферттік бағалар қолдану кезіндегі бақылау мәселесі бойынша тексеру жүргізуге;

5) тексерулерге уәкілетті органдардың мамандарын жұмылдыруға құқылы.

2. Уәкілетті органдардың Қазақстан Республикасының салық және кеден заңдарында көзделген өзге де құқықтары бар.

3. Уәкілетті органдар:

1) мәмілеге қатысушылардың құқықтарын сақтауға;

2) мемлекет мүддесін қорғауға;

3) мәмілеге қатысушылардың берген, қолданатын бағаларының экономикалық негіздемесін қарауға;

4) мәмілелер мониторингі бойынша белгіленген есептілік нысандарын толтыру тәртібін түсіндіруге;

5) бақылауды жүзеге асыру барысында алған мәліметтердің құпиялылығын сақтауға;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тексеру нәтижелері бойынша мәмілеге қатысушылардың шағымын қарауды жүргізуге міндетті.

4. Уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының салық және кеден заңдарымен көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

5-бап. Мәмілеге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

1. Мәмілеге қатысушылардың:

1) уәкілетті органдарға қолданылатын бағаның экономикалық негіздемесін және

- аталған мәміленің бағасын растайтын құжаттарды алдын-ала беруге;
- 2) уәкілетті органдардан трансферттік бағалар қолдануы кезінде бақылауға қатысты қолданыстағы нормалар туралы ақпарат алуға;
 - 3) бақылауды жүзеге асыруға байланысты туындаған мәселелер бойынша өзі не өзінің өкілі арқылы немесе салық кеңесшісінің қатысуымен өз мүддесін қорғауға;
 - 4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен салықтық тексеру актілері бойынша хабарламаға және уәкілетті органдарының лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға;
 - 5) салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді өз бетімен т ү з е т у г е ;
 - 6) өкілетті органдардан трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі бақылау мәселесі жөнінде түсініктеме алуға құқылы.

2. Мәмілеге қатысушылардың Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтары бар.

3. Мәмілеге қатысушылар:

- 1) осы Заңға сәйкес салық міндеттемелерін дер кезінде және толық көлемінде о р ы н д а у ғ а ;
- 2) уәкілетті органдардың заңды талаптарын орындауға;
- 3) қолданатын бағаларының экономикалық негіздемесін растайтын есептілік пен құжаттамалар жүргізуге;
- 4) уәкілетті органдарға мәмілелер мониторингі бойынша ақпарат пен есептілік, сондай-ақ осы Заң мен Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіпте өзге де құжаттарды тапсыруға міндетті.

4. Мәмілеге қатысушылар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

6-бап. Мәмілелер мониторингі

1. Мәмілелер мониторингін мәмілеге қатысушылар қолданатын бағаларға сырттай бақылау жолымен уәкілетті органдар жүзеге асырады.

2. Мәмілелер мониторингіне Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбедегі тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша халықаралық іскер операциялар жатады. Мәмілелер мониторингіне жататын мәмілеге қатысушылар Қазақстан Республикасының салық заңына сәйкес мониторингке жататын салық төлеушілердің тізбесінен айқындалады.

3. Мәмілелер мониторингін жүзеге асыру тәртібін уәкілетті органдар белгілейді және мәмілер мониторингі бойынша белгіленген есептілік нысандарын толтыру мен құжаттамаларды жүргізу тәртібінен тұрады.

7-бап. Мәмілелер мониторингі бойынша есептілік беру
Мәмілелер мониторингі бойынша есептілік дегеніміз салық кезеңі ішінде жасалған

мәмілелер бойынша жасалған және уәкілетті органдар бекітетін тәртіп пен нысандарда мәмілеге қатысушылар салық органдарына тапсыратын жиынтық деректерді білдіреді.

8-бап. Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі бақылау мәселесі бойынша
т е к с е р у ж ү р г і з у

1. Уәкілетті органдар трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі бақылау мәселесі бойынша тексеруді мынадай жағдайларда жүргізеді:

1) мәміле бағасының нарық бағасынан ауытқу фактісі анықталған жағдайда;
2) трансферттік бағалардың қолданылуы фактілері туралы уәкілетті органдардан алынған ақпараттың негізінде;

3) Қазақстан Республикасының салық және кеден заңдарын сақтау мәселесі бойынша уәкілетті органдар жүзеге асыратын тексеру жүргізгенде.

2. Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі бақылау мәселесі бойынша тексеруді уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының салық және кеден заңдарымен белгіленген тәртіп пен мерзімде жүзеге асырады.

9-бап. Салық салу объектілеріне және салық салуға байланысты объектілерге
т ү з е т у ж а с а у

1. Тексеру жүргізу барысында мәміле жасасу бағасының нарықтық бағадан ауытқуы фактісі анықталған кезде уәкілетті органдар осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген тәртіпте салық салу объектілеріне және салық салуға байланысты объектілерге түзету жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасының резиденттері мен тұрақты мекеме қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу кезінде жасасқан, қатысушысы мемлекетте салық салу жеңілдігімен тіркелген мәмілелер бойынша, не өзара тәуелді немесе өзара байланысты болып табылады, салық салу объектілеріне және салық салуға байланысты объектілерге түзету мәміле жасасу бағасының нарықтық бағадан ауытқуы кезінде жүргізіледі.

3. Салық салу объектілеріне және салық салуға байланысты объектілерге түзету жасау мәміле жасасу бағасының нарықтық бағасынан белгілі бір жағына 5 проценттен артық ауытқуы кезінде осы баптың 2-тармағында көрсетілген мәмілелерді қоспағанда,
м ы н а д а й м ә м і л е л е р г е :

1) өзара тәуелді немесе өзара байланысты тараптар арасында;
2) қатысушысы мемлекетте, салық салу жеңілдігімен тіркелген мәмілелер;
3) тауар алмасу (бартерлік) операциялары бойынша;
4) салықтар бойынша жеңілдіктері бар тұлғалармен мәміле жасасу кезінде
ж ү р г і з і л е д і .

4. Осы баптың 2 және 3 тармақтарында көрсетілмеген мәмілелер бойынша салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерге түзету мәміле жасасу бағасының нарықтық бағасынан белгілі бір жағына 10 проценттен артық ауытқуы
к е з і н д е ж ү р г і з і л е д і .

5. Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерге түзету мәміле жасасу бағасының нарықтық бағасынан нақты ауытқуы мен мәміле жасасу бағасының нарықтық бағадан осы баптың 2-4 тармақтарына сәйкес жіберілген ауытқуы арасындағы айырмасына жүргізіледі.

6. Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерге түзету жасау негізінде осы мәмлелерден түскен кірістер немесе шығыстар және басқа да салық салу объектілері нарықтық бағаға негізделіп айқындалғандай болып есептеліп, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айыппұлдар мен өсім қолданыла отырып есептеледі.

7. Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілер мәмілелеріне қатысушылардың өз бетінше түзету жасау кезінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге қосымша сомалар айыппұлдар қолданылмай есептеледі.

8. Түзету жасау тек салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің ұлғаюына әкелетін немесе бұдан былай ұлғаюына әкелуі мүмкін салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілер бойынша жүргізіледі.

10-бап. Тараптардың өзара тәуелділігін немесе өзара байланыстылығын айқындау
Өз араларындағы мәмілелердің (операциялардың) экономикалық нәтижелеріне әсер етуі мүмкін, ерекше өзара қатынастағы жеке және (немесе) заңды тұлғалар өзара тәуелді немесе өзара байланысты тараптар деп танылады.

Мұндай ерекше өзара қатынастар мына жағдайларды қамтиды:

- 1) бір тұлға екінші тұлғаның қосылма тұлғасы болып танылады;
- 2) егер қатысу үлесі 10 проценттен кем болмаса бір тұлға тікелей және (немесе) жанама түрде екінші тұлғаға (басқаруға, бақылауға, капиталға) қатысады;
- 3) бір тұлға тікелей және (немесе) жанама түрде (басқаруға, бақылауға, капиталға) қатысатын тұлғалар және осындай әр тұлғаның капиталына тікелей және (немесе) жанама қатысу үлесі 10 проценттен кем болмайды;
- 4) егер шаруашылық серіктестігінің шарты бойынша қатысушы салымының мөлшері барлық салымның жалпы мөлшерінің 20 процентінен астамын құраса немесе мұндай серіктестіктің осы қатысушының пайдасына бөлінуге тиісті кірісінің үлесі серіктестіктің жалпы кірісінің 20 процентінен астамын құраса, шаруашылық серіктестігі және оның қатысушысы;
- 5) белгілі бір тұлға бір мезгілде қатысушысы болып табылатын және оның қатысу үлесі осындай әр серіктестіктегі қатысушылардың барлық салымдарының жалпы мөлшерінің 20 процентінен асатын екі шаруашылық серіктестігі;
- 6) сенімгерлік басқару құрылтайшысы және мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгер басқарушы;
- 7) егер белгілі бір тұлға мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі екі шарт бойынша да сенімгерлік басқарудың құрылтайшысы болса, екі сенімгер басқарушы;
- 8) мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгер басқарушы және пайда

а л у ш ы ;

9) егер ұйым капиталына қатысу үлесі 10 проценттен асатын болса, сенімгер басқарушы және сенімгерлік басқару құрылтайшысы тікелей немесе жанама қатысатын ұ й ы м ;

10) егер мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі екі шарт бойынша да сенімгерлік басқару құрылтайшысы бір тұлға болса, мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі бір шарт бойынша сенімгер басқарушы және мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі екінші шарт б о й ы н ш а п а й д а а л у ш ы ;

11) мүліктің Меншік иесі және мүліктің меншік иесінің осы мүлікке қатысты бір немесе бірнеше құқығы (иелену, пайдалану, билік ету) берілген тұлға;

12) бір тұлға екінші тұлғаға қызмет жағдайы бойынша бағынады;

13) тұлғалар еншілес кәсіпорындар болып табылады немесе үшінші бір тұлғаның тікелей немесе жанама бақылауында болады;

14) тұлғалар неке-отбасы қатынастарында болады, не жақын туыстар немесе ж е к ж а т т а р б о л а д ы .

Өзара тәуелділігі немесе өзара байланыстылығы Қазақстан Республикасының өзге заң актілеріне сәйкес айқындалуы мүмкін.

11-бап. Нарықтық бағаны анықтау әдістері

1. Нарықтық бағаны анықтау үшін мынадай әдістердің бірі пайдаланылады:

1) "бақыланбайтын салыстырмалы баға" әдісі;

2) "шығындарға қосу" әдісі;

3) "кейіннен өткізу бағасы" әдісі.

2. Осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген әдістер "бақыланбайтын салыстырмалы баға" әдісін қолдану мүмкін болмаған кезде қ о л д а н ы л а д ы .

3. Нарықтық бағаны анықтау үшін әдістерді қолдану тәртібін уәкілетті органдар айқындайды.

12-бап. "Бақыланбайтын салыстырмалы баға" әдісі

1. "Бақыланбайтын салыстырмалы баға" әдісі тиісті тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) рыногында бірдей (олар болмаған кезде - біртекті) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша мәмілелер болған кезде қолданылады және салыстырмалы экономикалық жағдайда бірдей (олар болмаған кезде - біртекті) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын негізге ала отырып, н а р ы қ т ы қ б а ғ а н ы б е л г і л е й д і .

2. Тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) нарықтық бағасын анықтау кезінде осы тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өткізу кезінде бірдей (олар болмаған кезде - біртекті) тауарлармен (жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен) салыстырмалы жағдайда жасасқан және (немесе) жүзеге асырылған мәмілелер бойынша баға туралы ақпарат ескеріледі.

3. "Бақыланбайтын салыстырмалы баға" әдісін қолдану кезінде нарықтық баға мынадай түрде анықталады:

1) ресми ақпарат көзінде бағасы бар тиісті рынокке тасымалдау бағыты туралы құжатты расталған ақпараты бар тауарлармен мәмілелер жасасу үшін нарықтық баға ресми ақпарат көзінен баға ретінде айқындалады. Бұл ретте, мәміле бағасы дифференциал арқылы нарықтық бағасымен салыстырмалы экономикалық жағдайларға келтіріледі;

2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес келмейтін тауарлармен мәмілелер жасасу үшін нарықтық баға тиісті рыноктағы ақпарат көздерінен бағаны дифференциал арқылы мәміле жағдайларымен салыстырмалы экономикалық жағдайларға келтіру жолымен айқындалады.

4. Дифференциал мәміле жасасу кезінде қолданылатын бағаны немесе ақпарат көзінен бағаны салыстырмалы экономикалық жағдайларға келтіру үшін қолданылатын түзетулер мөлшерін білдіреді, және өзіне:

1) тиісті рынокке тауарларды жеткізу үшін қажетті негізделген шығыстарды;

2) осы баптың 7-тармағында көрсетілген мәміле жасасу кезінде қолданылатын бағаның нарықтық бағадан ауытқу шамасына ықпал ететін жағдайларды;

3) тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) сапасын қосады.

5. Дифференциалды құрайтындар құжатты немесе ақпарат көздерімен расталуы керек.

6. Мәміле жасасу кезінде қолданылатын бағаның нарықтық бағадан ауытқу шамасына ықпал ететін жағдайларға:

1) жеткізілетін тауарлардың (мәселен, тауар партиясының көлемі), орындалатын жұмыстардың, ұсынылатын қызметтердің саны (көлемі);

2) міндеттемелерді орындау мерзімі;

3) әдетте мәмілелердің осы түрінде қолданылатын төлем жағдайлары, сондай-ақ бағаға ықпал етуі мүмкін өзге де жағдайлар;

4) өзара тәуелді емес тұлғалар арасында мәмілелер жасалған кезде қолданылатын дағдылы баға шегерімдері немесе бағаға үстеме ескеріледі. Атап айтқанда:

тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) тұтынушы сұранымының маусымдық ауытқуы;

тауарлардың сапаларын немесе өзге де тұтыну қасиеттерін жоғалтуы тауарлардың жоғалтқан сапасын және/немесе өзге де тұтыну қасиеттерін ішінара жақсартуы немесе қалпына келтіруі;

тауарлардың жарамдылық немесе өткізілу мерзімінің өтуі (өту күнінің жақындауы);

ұқсас емес жана тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) рынокқа келуі кезіндегі, сондай-ақ тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жаңа рыноктарға шығуы кезіндегі маркетинг саясаты;

тұтынушыларды тауарлардың тәжірибелік модельдерімен және үлгілерімен таныстыру мақсатында оларды өткізу қажеттігі туғызған шегерімдер мен үстемелер ескеріледі.

7. Осы баптың 6-тармағында көрсетілген жағдайлар қатысушылары салық салу жеңілдігімен мемлекетте тіркелген мәмілелерге ықпал етпейді.

8. Ақпарат көздерінен баға болмаған кезде нарықтық баға "тауарларды еркін айналымға шығару" режимінде ресімделген импорттаушы елінің әкелінетін жүк кеден декларацияларының деректері бойынша баға немесе жүк кеден декларациясының деректеріне сәйкес салыстырмалы экономикалық жағдайларда халықаралық іскер операцияларының қатысушыларының бірдей (біртекті) тауарларының (жұмыстарының, қызметтерінің) орташа өлшенген өткізу бағасы есептелінеді.

13-бап. "Шығындарға қосу" әдісі

1. "Шығындарға қосу" әдісін пайдалану кезінде тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) нарықтық баға жұмсалған шығындар (шығыстар) мен үстеме баға сомасы ретінде анықталады.

2. Шығындарды (шығыстарды) анықтау үшін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіруге (сатып алуға) және (немесе) өткізуге жұмсалғаны расталған тікелей және жанама шығындар (шығыстар) тасымалдау, сақтау, сақтандыру жөніндегі шығындар (шығыстар) мен өзге де шығындар (шығыстар) ескеріледі. Үстеме баға қызметтің осы саласы үшін қалыптасқан орташа рентабелділік нормасын қамтамасыз ететіндей болып белгіленеді.

3. Қызметтің аталған саласы үшін рентабельділік Қазақстан Республикасының статистика және салық қызметі жөніндегі органдарының деректері негізінде айқындалар.

14-бап. "Кейіннен өткізу бағасы" әдісі

"Кейіннен өткізу бағасы" әдісін пайдалану кезінде тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) нарықтық бағасы сатып алушының мұндай тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) кейіннен сатқандағы (қайта сатқандағы) бағасы мен қайта сатқан кезде сатып алушы шеккен, расталған шығындардың (шығыстардың) (аталған сатып алушы тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатушыдан сатып алғандағы баға есепке алынбай), сондай-ақ оның үстеме бағасының айырмасы ретінде анықталады. Үстеме баға қызметтің осы саласы үшін қалыптасқан орташа рентабелділік нормасын қамтамасыз ететіндей болып белгіленеді.

15-бап. Нарықтық бағаны анықтау үшін пайдаланылатын ақпарат көздері

1. Тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) нарықтық бағасын және нарықтық бағаны анықтау үшін қажетті өзге де деректерді анықтау үшін мынадай кезекте тиісті

ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) нарықтық бағалар туралы ақпарат көздері;
- 2) биржалық баға белгіленімі туралы дерек көздері;

3) Баға, шығындар мен мәміле жасасу бағасының нарықтық бағадан ауытқуына ықпал ететін жағдайлар туралы мемлекеттік органдардың деректері;

4) Дербес сарапшылар берген ақпараттар;

5) өзге де ақпарат көздері.

2. Нарықтық бағалар туралы ақпарат көздерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Егер келісім-шарт шартына сәйкес мәмілеге қатысушылар тауарға баға қалыптастыру кезінде ресми көз пайдаланылса, алайда тиісті тауарға нарықтық баға бірнеше ресми ақпарат көздері негізінде анықталуы мүмкін болса, негізге келісім-шартпен анықталған ақпарат көзінен алынған баға қолданылады.

4. Қатысушысы мемлекетте салық салу жеңілдігімен тіркелген мәміле бойынша нарықтық бағаны айқындау кезінде тек осы баптың 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген ақпарат көздері ғана пайдаланылады.

16-бап. Трансферттік бағаларды қолдану кезінде бақылау жөніндегі заңдардың бұзылғаны үшін жауаптылық

Трансферттік бағаларды қолдану кезінде бақылау туралы заңдардың бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жауапты болады.

17-бап. Уәкілетті органдардың шешімдеріне шағым жасау Уәкілетті органдардың шешімдеріне Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

18-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді.

2. "Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 5 қаңтардағы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 1, 2-күжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті